ҚЫЗДЫ КӨШЕ ТӘРБИЕЛЕЙ МЕ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АСТАНАЛЫҚ СПОРТТЫҢ АСУЫ

7-БЕТ | СПОРТ

ҚАЗАҚ ОРКЕСТРІ КҮЙ ТӨГЕДІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МӘЖІЛІСТІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРДЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ЖАЛҒАСЫ. БЫЛТЫРҒЫ РЕФЕРЕНДУМДА ХАЛҚЫМЫЗ БҰЛ РЕФОРМАҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ЕЛІМІЗ ӨКІЛДІ БИЛІКТІ ЖАҢА, ӘДІЛ ӘРІ АШЫҚ БӘСЕКЕГЕ ЖОЛ АШАТЫН ҚАҒИДА БОЙЫНША ЖАСАҚТАУҒА КӨШТІ.

№9
(4442)
Сейсенбі
24 қаңтар
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Еліміздегі алтын, көмір, темір және мыс кен орындары мемлекет меншігіне қайтарылады. Бұл жөнінде Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр айтты.

Бүгінгі таңда Үкімет жер қойнауын пайдаланушыларға берілген келісімшарттар мен лицензияларды қайта қарау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Талдау барысында 2022 жылы уәкілетті органдар қатты пайдалы қазбалар бойынша 115 келісімшарт пен 198 лицензияны, сондай-ақ көмірсутек шикізаты бойынша 12 келісімшартты бұзды.

Нәтижесінде мемлекет қорына алтын, көмір, темір, мыс, боксит, полиметалл және тағы басқа кен орындары қайтарылды, олар кейіннен стратегиялық инвесторларға беру үшін аукционға шығарылады.

Сонымен қатар уәкілетті органдар қаржы міндеттемелерін бұзған жер қойнауын пайдаланушыларға айыппұл санкцияларын қолдану бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

4

АУЛА КЛУБЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Астана қаласында жастар мен жасөспірімдердің болашақта жан-жақты білімді, мәдениетті, ең бастысы тәрбиелі әрі өнерлі боп қалыптасуына оң ықпалын тигізетін аула клубы көп. Бүгінде олардың жалпы саны – 25. Бұл аула клубтарына елордадағы 7 жастан 29 жасқа дейінгі балалар мен жастар арасынан 3100-ге жуық тәрбиеленуші қатысады. Онда 124 үйірме мен секция жұмыс істейді. Оның ішінде бокс, каратэ, түрлі би үйірмесі, сурет салу, қолөнер, бағдарламалау және тіл оқыту сынды 68 спорт секциясы және 56 шығармашылық үйірме бар.

ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Қоғамдағы құқықтық тәртіпті, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – маңызды міндет. Осындай ерекше жауапкершілікті атқарушылардың бірі – полиция қызметкерлері.

3

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖАҢА ӘДІСПЕН ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар өнімдер жаңа әдіспен сатып алынады. Бұл жөнінде Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашүкеев мәлім етті.

2023 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жеткізудің форвардтық қаржыландырудың жаңа тәсілдері енгізіледі. Ол үш кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңге күзгі және ерте көкөністерді форвардтық сатып алу, нәтижесінде алынған көкөністерді маусымаралық кезеңде нарыққа жеткізу кіреді. Бұл көкөністер бағасының ең жоғары өсуі қыстың соңында байқалатынына байланысты. Көкөніс шаруашылығын қаржыландыру, жыл бұрын себуді уақытылы жүргізу үшін: келесі жылдың ерте көкөніс өнімдерін өндіру 1 тамызға дейін, күзгі көкөніс өнімдерін өндіру бойынша 1 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады.

Екінші кезең – шикізатты сатып алу үшін өңдеуші кәсіпорындардың айналым қаражатын қаржыландыруды қарастырады. Бүгінде қант зауыттарының айналым қаражатын қаржыландыру қазірдің өзінде Сауда министрлігі, облыстар мен қант зауыттары арасындағы меморандум аясында жүзеге асып жатыр.

Қарақұмық, күріш және күнбағыс өндірушілерді өңдеуші кәсіпорындар арқылы форвардтық қаржыландыру мәселесі де пысықталып жатыр. Оны жүзеге асыру 2023 жылдың наурызынан бастап жоспарланып отыр.

Үшінші кезең – мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы қаржыландыру және арзандатылған азық-түлік – макарон, нан, сүт және сүт өнімдерін, сиыр еті, құс етін және жұмыртқаны өткізу. Іске асыру маусым айынан басталады.

№9 (4442) 24/01/2023 Сейсенбі

АУЫЛДЫ ДАМЫТУҒА 1 ТРЛН ТЕҢГЕ ЖҰМСАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысына жұмыс сапарымен барды. Ең алдымен Рудный қаласындағы жылу құбырының жарылу салдарымен танысып, қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы өңір басшылығының баяндамасын тыңдады.

Қала әкімі Қуандық Испергеновтің айтуынша, қазіргі уақытта құбырлар ішінара қалпына келтірілген. Сондай-ақ топырақ төсеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әкім жақын арада қалпына келтіру жұмыстары толық аяқталатынын мәлімдеді.

– Жалпы, еліміз бойынша да, осы облыста да жылу құбырлары апатты жағдайда тұр. Жағдай өте ауыр. Үкіметке бүгіннен бастап, әсіресе көктем және жаз айларында қысқы жылыту маусымына мұқият дайындалуды тапсырамын. Бұл – атқаратын басты міндет, себебі мұны созбалаңға салуға болмайды. Желілердің тозу деңгейі өте жоғары, 70, 80, кейбір жерлерде тіпті 90 пайызға дейін жетеді. Осы жұмыстармен айналысу қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жылу құбырының жарылуы салдарынан зардап шеккен Рудный тұрғындарымен кездесу барысында азаматтардың өміріне бұлай қауіп төндіруге болмайтынын айтты. Президент Қостанай облысы мен қала басшылығына жағдайды жедел қалпына келтіруді тапсырды.

– Құбырдың жарылғаны туралы хабарды тексеру үшін арнайы келдім. Жаңа ғана Үкіметке, облыс пен қала әкімдеріне осы мәселемен айналысуды тапсырдым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Үкіметке Рудныйдың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне ерекше назар аударуды тапсырғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үйлерге жылудың қайта берілгенін өз көзімен көру үшін Рудный тұрғындарының бірінің шақыруымен оның пәтеріне барды. Қала тұрғыны Олеся Геря жылу беру жұмысын жедел атқарғаны үшін барлық қызметкерге алғысын айтты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке және Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловқа барлық коммуналдық нысанның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету ісін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары аясында Рудный қаласындағы «Жас-Қанат 2006» ЖШС-ке қарасты құс фабрикасына барып, құс шаруашылығына заманауи технологияларды енгізу жөніндегі қанатқақты жобаның жүзеге асырылу барысымен танысты. Цехты аралау барысында Президентке компанияның қызметі туралы мәлімет берілді. Құс фабрикасында өндірілетін өнім еліміздің барлық өңірінде сатылады, сондай-ақ ТМД елдеріне экспортталады. Кәсіпорын басшылығының айтуынша, цехтың қуаты жылына 260 миллион дана жұмыртқа және 500 тоннадан астам ет өнімдерін өндіруге жетеді. Былтыр 517 тонна ет және 199,1 миллион дана жұмыртқа өндірілді.

Мемлекет басшысына өндірістік қуаты сағатына 120 мыңнан астам жұмыртқа шығаруға жететін сұрыптау, өлшеу және маркерлеу цехындағы Nabel технологиясы көрсетілді. Сондай-ақ цехта құстарға жем-су беру жүйесін және ылғалды, жарық пен температураны қалыпты ұстап тұратын құрылғы орнатылған. Өндірістің автоматтандырылуы сегіз сағатта миллионға дейін жұмыртқа тасымалдауға және орауға мүмкіндік береді.



Президентке облыс әкімі Құмар Ақсақалов өңірдің өнеркәсіптік және аграрлық әлеуеті жөнінде мәлімет берді. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласындағы перспективті жобалармен танысты. Осыдан кейін Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен әңгімелесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті лауазымына қайта сайланғаннан кейін, ең алдымен, ауыл мен ауылдық аумақтарды дамыту туралы Жарлыққа қол қойғанын айтты. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен ауылдарды дамытуға 1 триллион теңге бөлінетінін жеткізді. Оның пікірінше, Үкімет пен әкімдіктер бұл қаржыны өңір тұрғындарына барынша тиімді болатындай жұмсауы керек.

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары аясында Соколов кен орнына барды. Президент «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» (ССКӨБ) акционерлік қоғамына барып, Соколов кен орнының жұмысымен танысты. Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері – темір рудаларын ашық және жер астында өндіру, құрамында темірі бар шекемтастар мен концентраттар және тауарлық доломит өндіру. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 26 миллион тонна кен өндірілді, тауар өнімінің көлемі 10 миллион тоннадан асты. Кен орнында Президентке «Еуразиялық топ» ЖШС-тің басқарма төрағасы Серік Шахажанов ыстық брикеттелген темір өндірісі жобасын және кен орнын басқарудың автоматтандырылған жүйесін таныстырды. Мемлекет басшысына «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігінің» Еуропаға экспорттайтын өнімдерін ұлғайту жоспары туралы мәлімет берілді. Президент тау-кен өндіру секторы отандық экономиканың өсімін арттыратын негізгі саланың бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысы тау-кен өндіру ісін дамытуға қосқан үлесі үшін кәсіпорын жұмысшыларына алғыс айтып, жұмыстарына табыс тіледі.

Президент Қостанай облысына жұмыс сапары аясында Allur автомобиль зауытына барды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа кәсіпорын жұмысы таныстырылып, алдағы жоспары баяндалды. Зауыт басшылығының айтуынша, былтыр 614,2 миллиард теңгенің өнімі өндірілді. Өткен жылы зауыт құны 21,5 миллиард теңге болатын өнім экспорттады. Кәсіпорында 2 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Allur автомобиль зауытының жаңадан іске қосылған желісі Kia Sportage моделіне арналған. CKD – шанақтарды дәнекерлеу, бояу және құрастыру жөніндегі технологиялық жұмыстарды жүзеге асыратын шағын торапты автомобиль өндірісі. Ол үшін арнайы цехтар ашылған. Kia өндірісінің осы технологиялары Орталық Азия мен ТМД бойынша Қазақстанда ғана орналасқан.

Президент зауытты аралау барысында жас жұмысшылармен әңгімелесіп, оларға қолдау білдірді.

– Зауыт өте керемет екен. Таза әрі өндіріс мәдениеті өте жоғары. Біз жаңа ғана Kia Sportage көлігін көрдік. Бұл көліктің сапасы өте жоғары. Сондықтан сұраныс жоғары болады деп ойлаймыз. Біз келешекте инвесторлар шақырып, бұл зауытты ұлғайтамыз. Зауыттың болашағына байланысты ешқандай мәселе жоқ деп ойлаймын. Жастарға үлкен мән беріп отырмыз. Сондықтан бәрі дұрыс болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Зауыт өкілдері биыл Kia Cerato шығаратын CKD желісін іске қосу жоспарланғанын атап өтті. Сондықтан компания техникалық бағыттағы оқу орындарымен тұрақты жұмыс жүргізуді бастаған. Осы ретте кәсіпорын басшылығы техникалық оқу орындарының студенттері мен түлектеріне арналған 250 орындық кампус үлгісіндегі жаңа заманауи жатақхана құрылысының басталғанын мәлімдеді.

Kia Corporation президенті және бас директоры Хо Сун Сон бейнебайланыс арқылы шараға қатысып, автомобиль жасау саласындағы Қазақстан-Корея ынтымақтастығының маңызын атап өтті.

– Біз Қазақстан нарығы үшін ашылып жатқан болашағы зор мүмкіндіктерге ризамыз. Қазақстан экономикасы кең ауқымда және жылдам дамып келеді. Нарықтағы бизнесіміздің әлеуеті мол екенін көріп отырғандықтан, мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ел басшылығына жеке бизнесті дамытқаны үшін алғыс айтқым келеді. Біз бұл үлкен істің бастамасы ғана деп сенеміз, – деді корпорация басшысы.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов жүзеге асырылып жатқан 3 жоба мен болашақта қолға алынатын басқа да инвестициялық бастамалар туралы баяндады. Орындалып жатқан жобалардың алғашқысы – темір құю цехының құрылысы. Биыл іске қосылатын кәсіпорында 300 тұрақты жұмыс орны ашылмақ. Оның құны – 78,2 миллиард теңге. Жылына 45 мың тонна құйма құятын жоба инновациялық өнім көлемін 8 пайызға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жүзеге асырылып жатқан екінші жоба – жүк көліктерінің бөлшектерін шығаратын зауыттың құрылысы. Кәсіпорын 2 жылдан соң іске қосылады. 360 адамға тұрақты жұмыс орын ұсынатын жобаның құны – 82,5 миллиард теңге.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайда эпидемиологиялық ахуал нашарлап барады.

Ел билігі қатаң карантин талаптарын алып тастағаннан кейін халықтың 80 пайызы індет жұқтырды. Ауруханаларда орын жоқ, крематорийлер мәйітке толып, өртеп үлгере алмай жатыр. ҚХР Денсаулық сақтау министрлігі мәліметінше, соңғы бір айда 60 мың адам індеттен көз жұмған. Ұлыбританияның «Airfinity» медициналық деректерді талдау компаниясы сәуір айының соңында Қытайда індеттен көз жұмғандар саны 1,7 миллионға жетеді деп болжайды.

Ресей билігі кейінгі 22 жылда алғаш рет Жапония өкілдерімен Курил аралдарында балық аулау мәселесі бойынша кеңес жүргізуден бас тартты.

Бұған Токионың Ресейдің Украинаға басқыншылығына байланысты Батыс елдерінің санкциясына қосылғаны себеп болған. Мәскеу Курил аралдарында бірігіп шаруашылық жүргізу мәселесін талқылаудан да бас тартқан. 1998 жылдан бері Ресей мен Жапония арасында теңіз кәсібі саласында ынтымақтастық орнату туралы келісім бар.



Түрікменстанда парламенттің жоғарғы палатасы жойылып, бір палаталы парламент (халық мәслихаты) құрылды.

Мұндай шешім 21 қаңтарда түрікмен парламентінің біріккен отырысында қабылданды. Бір палаталы парламентке экс-президент, қазіргі президенттің әкесі Гурбангулы Бердімұхамедов жетекшілік етеді. Ол бұрын да жоғарғы палатаны басқарған. Оның «ұлт көшбасшысы» деген мәртебесі бар. Конституцияға енетін тиісті түзетулерге президент Сердар Бердімұхамедов қол қойды.

№9 (4442) 24/01/2023 Сейсенбі

ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордада құқықтық тәртіпті және оның тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тексерді.



«Қуат» ДСҚ, патрульдік полиция полкі, автокөлік шаруашылығы, арнайы мекемелер, сондай-ақ арнайы ХҚКО сияқты бірқатар полиция нысанын аралап, министр мен әкім Мемлекет басшысының құқық бұзушылықтың алдын алуда халықпен тығыз ынтымақтастыққа бағытталған полиция жұмысының сервистік моделін енгізу жөніндегі тапсырмаларының орындалуымен танысты. Кездесу барысында елордалық ПД бастығы Марат Төлебаев азаматтардың құқықтық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және жалпы қылмысқа қарсы іс-қимыл шаралары туралы айтып берді.

Тәртіп сақшыларының сын-қатерлерге ден қоюының тиімділігі, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстарды ашу, қызметкерлердің кәсібилігі мен дене даярлығына, сондай-ақ жасалған жағдайларға байланысты. Спорт шеберлігін арттыру үшін полицейлер «Қуат» спорт кешенінде тұрақты негізде жаттығу сабақтарын өткізеді. Бүгінгі таңда бассейнге, заманауи спорт залдарына және жөндеу жұмыстарына үлкен қажеттілік бар. Патрульдік полиция полкінде қызмет атқаруға кірісетін жеке құрамның, қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қойылған міндеттерді орындаудағы дайындығы тексерілді.

Жыл сайын елордалық полицияның материалдық-техникалық базасы жақсарып келе жатқаны атап өтілді. Қолданыста құқықтық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес үшін заманауи техника мен қызметтік автокөліктер бар. Өткен жылы елорда әкімдігінің қолдауымен тәулік бойы қызмет атқаратын патрульдік полиция полкі, учаскелік инспекторлар және кезекші бөлімдер сияқты Полиция департаментінің сыртқы қызметтері үшін 103 автокөлік сатып алынды. Мұның бәрі ішкі істер органдарының ашықтығы мен қолжетімділігі, елорда тұрғындары мен полицейлер арасында тығыз қарым-қатынас орнату үшін жасалады, бұл ұсақ құқық бұзушылықтардың уақытылы алдын алуға мүмкіндік береді. АКШ ғимаратында үлгілі қызмет атқару мақсатында қызметтік автомашиналарға арналған жуу пункті көрсетілді.

Делегация сондай-ақ шетелдік автокөліктерді заңдастыруға құжаттарды қабылдау процесінің дайындығы мен алгоритмін тексеру үшін арнайы ХҚКО барды. Сондай-ақ мамандандырылған ангарда Полиция департаменті қызметкерлерінің көлік құралдарын тексеруге және халыққа қызмет көрсетуге дайындығы қаралды. ІІМ басшысы мен елорда әкімі елордада қоғамдық тәртіпті сақтау маңызды және мұнда азаматтардың қауіпсіздігі үшін барлық жағдай жасалуы тиіс екеніне назар аударды.

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БЕЛЕСТЕРІ

Елордада қалалық Білім басқармасының алқа отырысы өтті. Онда 2022 жылдың қорытындысы мен 2023 жылға арналған жоспар туралы айтылды. Шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Гүлбақыт Серікжанқызы, Астана қаласы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсима Бимендина және білім беру ұйымдарының басшылары, мұғалімдер қатысты.

Алқа отырысында алғаш болып Білім басқармасының басшысы баяндама жасады. Ол елордадағы білім беру сапасына тоқталып, 2023 жылға арналған жоспарды, оның шеңберінде атқарылатын іс-шаралармен бөлісті. Биыл тәрбиешілерді біліктілігін арттыру курсынан өткізуге, апатты және үш ауысымды мектептерді жоюға ерекше назар аударылатынын атап өтті.

Биыл балабақшалардағы орындарды ұлғайту мақсатында жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда 8000 орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылады. Сонымен қатар тұрғын үй кешендерінің бірінші қабатында қадамдық қолжетімділік қағидаты бойынша 200 орынға арналған балабақшалар желісі ашылады.

«Былтыр балабақша тәрбиешілерінің 120 педагогы қайта даярлау курсын және 641 педагог біліктілігін арттыру курсынан өтті. 2023 жылы мектепке дейінгі білім беру педагогтарына арналған біліктілікті арттыру курсынан жалпы 1012 тәрбиеші өтеді. 2025 жылға дейін бейінді білімі бар тәрбиешілердің үлесін кезең-кезеңімен 100 пайызға жеткізетін боламыз» деді Қ.Сенғазыев.

Басқарманың ақпаратына сәйкес, 2023 жылы 34 балабақшадағы шағын сәулет нысандары ауыстырылады. 2025 жылға дейін балабақшалардағы шағын сәулет нысандары 100 пайыз жаңартылады.

2023 жылы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына 1400 орынға педагогика мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылады. 2022 жылы 3077 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтсе, 2023 жылы 5481 педагог курстан өтетін болады.

Биыл мектептерде көркем әдебиет қорын ұлғайту мақсатында бюджеттен 100 млн теңге бөлінеді. Кітапханалардың интерьерін қайта жаңғырту бойынша жұмыс жалғасуда. Бүгінгі таңда қаланың 36 мектебінде кітапханалар заманауи жабдықталды. Елордалық 46 мектепте оқырмандарға арналған коворкинг (coworking) аймақтары ашылды. 2023 жылдың 2 тоқсанының соңына дейін 19 мектеп кітапханаларының интерьері (редизайн) жаңартылып, жаңа коворкинг орталықтары ашылады.

2022 жылы 41 мектепке 64 пәндік кабинет сатып алу арқылы мектептердің 70,3 пайызы жаңартылған пәндік кабинеттермен жабдықталды. 2023 жылы 22 мектепке 29 пәндік кабинет сатып алынады.

Биыл да қосымша білім беру ұйымдарының желісін дамыту бойынша жұмыс қарқынды жалғасады. 2023 жылы қаламызда 2000-нан астам оқушыны қамтитын 1 Оқушылар сарайы іске қосылады. Қосымша білім беру ұйымдарына 1364 орынға мемлекеттік тапсырыс орнатылады.

2022 жылы инклюзивті білім беру бойынша мемлекеттік тапсырыс 2021 жылмен салыстырғанда 12 орыннан 97 орынға дейін ұлғайтылды. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру аясында мемлекеттік білім беру тапсырысы 4800 орыннан 7300 орынға дейін ұлғайды. Бұл көрсеткіш 2023 жылы 8500 орынға дейін көбейеді.

Балтық елдері Германияны Украинаға «Леопард» танкілерін беруге үндеді.

«Украинаға көмектесіп, Еуропада бейбітшілік орнату үшін қажет» деді Латвия Сыртқы істер министрі Эдгарс Ринкевичс. Жуырда Киев одақтастарының Батыста өндірілген танкілерді Украина қарулы күштеріне беру жөнінде келісе алмағаны белгілі болған. Украина армиясы Батыс елдерінен американдық «Абрамс» және немістің «Леопард» танкілерін сұраған.



«Сотбис» аукцион үйі әлемге әйгілі голланд суретшісі Питер Пауль Рубенстің 4 ғасыр бұрын салынған картинасын сатылымға шығарды.

35 млн долларға бағаланған өнер туындысы 200 жыл бойы жоғалып кетті деп саналған. Сауда 26 қаңтарда Нью-Йорк қаласында өтеді. Әлемдегі ең қымбат сурет рейтингі әрдайым өзгеріп тұрады. 2012 жылы Қатар Королі суретші Поль Сезанның «Карта ойнаушылар» картинасын 250 миллион АҚШ долларына сатып алған.

Елордадағы емханаларда қанатқақты режимде жедел медициналық көмек бөлімшелері ашылды.

ЖЕДЕЛ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

Қалалық №4, №5 және №10 емханаларда жыл басынан жедел медициналық көмек бөлімшелері іске қосылды. Негізгі мақсат – стационардағы дәрігерлер жүктемесін азайту және шұғыл алғашқы көмек қолжетімділігін арттыру.

«Біздің бөлімше жұмыс күндері сағат 8:00-ден кешкі 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Мұнда травматолог пен хирург, терапевт дәрігерлер қабылдау жүргізеді, шұғыл қажет болған жағдайда науқастарға стационарда кезек күтудің қажеті жоқ. Фильтр-кабинетте жоғары дене қызуы, мұрыннан су ағу сынды маусымдық ЖРВИ, өзге де инфекция белгілерімен, ал қалған науқастарды шұғыл алғашқы медициналық көмек бөлімі қабылдайды» деді №10 қалалық емхананың бөлім меңгерушісі Арман Әлібеков.

Айта кетейік, жедел жәрдем көмегіне жүгінетін науқастар денсаулық жағдайына қарай 4 санатқа бөлінеді. Өмірге және денсаулыққа қаупі бар тізімге алғашқы 3 категория жатады. Енді 4-санаттағы науқастар, яғни өміріне аса қауіп төнбей, созылмалы аурулары асқынған немесе жедел өткір ауруларға тап болған тұрғындар тікелей емханаға барып, медициналық көмек ала алады.

АРДАГЕРЛЕР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР КЕЗДЕСТІ

Астанада «Жас сарбаз» патриоттарды тәрбиелейді» атты іс-шара ұйымдастырылды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Астана қалалық Ардагерлер кеңесі, Есіл аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» және №89 мектеп-лицейі ұйымдастырған тағылымды іс-шарада «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Көпберген Бекмағанбет, «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» МКМ директорының орынбасары Марат Әубәкіров, Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің уәкілі Ғани Артықов, «Аманат» партиясы саяси жұмыстар департаменті бастығының орынбасары Еркебұлан Жаулыбаев, журналист, аудармашы, велосаяхатшы, 55 күнде 5555 шақырымды еңсерген Ернат Мәлсұлы, авиация ардагері Марал Серікбаева жиналған жасөспірімдер алдында ой-пікірімен бөлісті. Отандық патриотизм туралы тағылымды сөздерін айтты.

Кездесуге келген жасөспірімдер әсіресе авиация ардагері Марал Серікбаева мен саяхатшы Ернат Мәлсұлының ғибратты да қызықты әңгімелерін ықыласпен тыңдады.

Тағылымды іс-шара барысында «Жас сарбаз» қозғалысының жұмысына жақсы баға берілді. Аға ұрпақ өкілдері ақылкеңесін айтты. Сондай-ақ патриоттық тақырыпта сұрақ-жауап викторинасы ұйымдастырылды. Ал Есіл ауданы ардагерлерінің «Есіл толқындары» халық ансамблі мен №89 мектеп-лицей оқушылары орындаған бірнеше патриоттық әндер кездесудің мән-мағынасын аша түсті.

Ең бастысы – ардагерлер мен жасөспірімдердің кездесуінде отандық патриотизмнің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқаны аңғарылды.

АНАНЫ АМАН АЛЫП ҚАЛДЫ

Бас қаладағы №2 көпбейінді қалалық аурухананың дәрігерлері панкреатитпен ауыратын жүкті әйелді аман алып қалды. Бұл панкреатиттің ауыр асқынған түрі көп жағдайда науқасты өлім жағдайына апаруы мүмкін.

Жүктіліктің 39-аптасында келіншектің бойында панкреонекроз өршіген, бұл – жедел панкреатиттің өмірге қауіп төндіретін асқынған түрі, ұйқы безі тінінің өлгенін білдіреді. Басым көпшілігінде дене мүшесінің жеткіліксіз дамуына, қанның улануына және науқастың өліміне әкеледі. Науқас әйелді ішінің жоғарғы бөлігі қатты шаншып ауырып, жүрек айну, құсу белгілері мазалаған. Науқас шұғыл түрде жансақтау бөліміне жатқызылды. Ана мен бойына біткен сәби өміріне қауіп төнгеніне байланысты жан сақтау бөліміндегі акушер-гинекологтар бригадасы жедел босандыру туралы шешім қабылдады.

Босанғаннан кейін келіншектің жағдайы ауыр болды, аурухананың бас дәрігері Нұрбол Тұрсынбаев әріптестерімен бірлесе диагностика жүргізіп, клиникалық жағдайдың күрделілігіне қарамастан, хирургиялық араласусыз емдеу туралы шешім қабылдады.

«Жүргізіліп жатқан ем аясында жағдайды тұрақтандырып, әйелді жалпы хирургия бөлімшесіне ауыстыруға мүмкіндік туды. Бақытымызға орай, операция қажет болмады, көп ұзамай әйелдің жағдайы оңалды» деді емдеуші дәрігер Айдар Жұмағалиев.

Қазір ана мен бала өзін жақсы сезінеді және ауруханадан шығуға дайындалып жатыр.

№9 (4442) 24/01/2023 Сейсенбі

МЕМЛЕКЕТКЕ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасының кезекті маусымының ашылу салтанаты өтті.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Әли Көмекбаевтың айтуынша, «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасы дарынды да белсенді жастарды мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге тарту, олардың кәсіби шеберлігін, біліктілігін, шығармашылық қабілетін шыңдай отырып, мемлекеттік қызметтің оң имиджін көтеруге бағытталған.

– «Болашақ» бағдарламасымен және Жастар кадрлық резервімен қатар, еліміздің өскелең ұрпағы «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінде» білім алуға мүмкіндігі бар. Мұнда соңғы курс студенттері мен жоғары оқу орындарының түлектері білім алуда. Оларға мемлекеттік органдарда жұмыс істеу негіздері үйретіледі. «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінде» балалар бір апта бойы мемлекеттік басқару, сондай-ақ тестілеу орталығының өкілдерімен кездесіп, теориядан өтеді. Осыдан кейін түлектер тікелей жұмыс орнында – елорданың мемлекеттік органдарында тағылымдамадан өтеді, – деді Ә.Көмекбаев.

Бұл жоба бес кезеңнен тұрады. Алдымен өтініш тапсыру, іріктеу кезеңі, білікті мамандардан дәріс алу, мемлекеттік мекемелерде тәжірибеден өту және сертификат табыстау. Іріктеуге барлығы 63 студент қатысты, содан кейін 39 адам оқуға жіберілді.

– 2022 жылдың қыркүйек айында «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасының кезекті маусымына қабылдау ашылып, 1-15 желтоқсан аралығында өтініш қабылдау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жобаға қатысуға 63 жас азаматтан өтініш түсті. Олардың ішінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, М.Нәрікбаев атындағы ҚазГЗУ және С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің құқықтану, мемлекеттік басқару, әлеуметтану, жер қатынастары, мемлекеттік аудит, журналистика, қаржы және экономика, т. б. мамандық бойынша білім алып жүрген студенттер бар, – деді департамент басшысы.

10 қаңтар күні өтініш білдірушілермен онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы іріктеу кезеңі өткізіліп, жобаға 39 қатысушы қабылданды.

Меруерт Жұмаділова – «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» оқушыларының бірі. Ол болашақта мемлекеттік қызметші болуды жоспарлап отыр. Бүгінде Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курсында оқып жүрген студент «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне» университет табалдырығын аттаған жылы-ақ келіп, бақ сынаған болатын.

– Болашақта тек мемлекеттік қызметте жұмыс істегім келеді. «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» туралы университетте ілініп тұрған хабарландырудан оқып білдім. Қазіргі уақытта біз, негізінен, осы салада тәжірибесі жоқ жастар үшін мемлекеттік қызмет деген не екенін қарастырамыз. Бұл мектеп – жас ұрпаққа мемлекеттік қызмет деген аспаннан салбырап түскен санадан тыс нәрсе емес, қарапайым халықпен, нақты адамдармен жұмыс екенін көрсетудің негізгі идеясы. Осында жүріп біз мемлекеттік қызметтің қыр-сырын үйренумен бірге бұл істі кез келген адам өз қалауы бойынша атқара алатынын ұғынамыз, – деді студент.

Меруерт Жұмаділова жұмысқа орналасатын кезде жоғары білім туралы дипломға «Жас мемлекеттік қызметші мектебін» бітіргені туралы сертификатты қоса береді.

– Жақын арада бұл сертификат мемлекеттік қызметке тест тапсыру туралы құжатқа теңестіріледі деп үміттенемін. Өйткені теориялық білімнен басқа, біз оларды тәжірибеде бекітуге мүмкіндігіміз бар, – деді студент.

Жалпы жастар үшін бұл жобаның берері мол. Мәселен, жоғары оқу орнында оқып жүрген кейбір студенттер осы жобаның арқасында мемлекеттік қызмет саласына қатысты пайдалы ақпараттарды біліп, қызметтің жауапкершілік жүгін сезіне алады.

Сонымен қатар ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында алғаш мемлекеттік қызметке орналасушыларға арналған жұмысы жүргізіледі. Бұдан бөлек, қатысушылар Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығына барып тестілеу өтудің тәртібі және ережелерімен танысады. Оқыту аяқталғаннан кейін, қатысушыларды мамандықтарына байланысты Астана қаласының мемлекеттік мекемелеріне тәжірибеден өтуге жібереді.

Бүгінде бұл жобаны аяқтаған қатысушыларға алдағы уақытта мемлекеттік қызметке орналасу жағынан біршама жеңілдік қарастырылуы бойынша әдістемелік жоспар жасалуда.

– Жоба қатысушыларынан болашақта жауапкершілігі жоғары, мемлекеттік қызметтегі өз жұмысын адал және лайықты орындап, ел алдындағы азаматтық борышы мен халықтың сенімін ақтай алатын тәжірибелі мамандар шығады деп күтеміз. Еліміздің болашағы осындай жастардың қолында. Жастарға тек білім беру ғана емес, бойына рухани құндылықтарды дарыта білу – басты міндет, – деді Ә.Көмекбаев.

АУЛА КЛУБЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Елордада балалар мен жасөспірімдердің демалысын пайдалы өткізу үшін 25 аула клубы жұмыс істейді. Олардың немен айналысатыны туралы онлайн-брифингте Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров мәлімдеді.

«Аула клубтары» әлеуметтік жобасы елордада соңғы сегіз жыл ішінде тұрақты негізде жүзеге асып келеді. Оның жұмысы тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталған.

– Аула клубтарының қызметі жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуға, балалардың денсаулығын жақсартуға және олардың уақытын пайдалы өткізуге тікелей әсер етеді, сондай-ақ патриотизмнің дамуына ықпал етеді. Жыл сайын өтеусіз негізде аула клубтарында халықтың әлеуметтік осал топтарынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан жүздеген бала тәрбиеленеді. Сондай-ақ қалалық Ішкі істер департаментінің ювеналды полиция бөлімшесінде есепте тұрған кәмелетке толмағандар аула клубтарына барады, – деді Қайрат Қамбаров.

Елорданың 25 аула клубына 7 жастан 29 жасқа дейінгі балалар мен жастар арасынан 3100-ге жуық тәрбиеленуші қатысады. Онда 124 үйірме мен секция жұмыс істейді. Оның ішінде 68 спорт секциясы және 56 шығармашылық үйірме бар: бокс, каратэ, түрлі би үйірмесі, сурет салу, қолөнер, бағдарламалау және тіл оқыту.

Өткен жылы Астананың Есіл, Сарыарқа және Алматы аудандарында 3 жаңа аула клубы ашылды. Желтоқсан айының соңында «Жас қанат», «Астана», «Бәйтерек» аула клубтарында жөндеу жұмысы аяқталды.

– 2022 жылы жалпы саны 3000 адамды қамтитын 20-ға жуық іс-шара өткізілді. Мысалы, елордада шахмат, спорт және шығармашылық бағыт бойынша турнирлер, концерттер өтіп тұрады. Осы жылдың басты мақсаты – аула клубтарының санын көбейту және сапасын арттыру. Бұл бағытта жұмыс биыл да жалғасады, – деді басқарма басшысы.

Қазіргі таңда баланың қызығушылығына септігін тигізіп, икеміне қарай жаңа қырынан танылуына, өмірлік жолын анықтауда аула клубтарының маңызы зор. Бұл жастар мен жасөспірімдердің болашақта жан-жақты, білімді, мәдениетті, ең бастысы көрегенді әрі тәрбиелі боп қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Себебі аула клубтарына қатысқан балалардың басым бөлігі жан-жақты дамып қана қоймай, рухани дем алады және қоғамдық шараларға өз үлесін қосып келеді.

Басқарма басшысының айтуынша, елорда аула клубтарының тәрбиеленушілері Болгария, Армения, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Италияда және елімізде өткен жарыстардың жүлдегері атанды.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАЙЫҚ

«Астана қаласының коммуникациялар қызметі» алаңында «Үй жануарларын – мысықтар мен иттерді міндетті түрде тіркеу» тақырыбында Астана қаласы Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы басшысының орынбасары Санжар Бурлибаев брифинг өткізді.

Өткен жылы наурыз айында күшіне енген «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға сәйкес, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап үй жануарларын міндетті есепке алу көзделген. Үй жануарларын чиптеуді қаланың ветеринарлық клиникалары ақылы негізде жүргізетін болады. Бір чиптің құны орта есеппен 500 теңге, ал чиптеу қызметі орта есеппен 2116 теңгені құрайды. Иелері халықтың әлеуметтік осал тобына жататын үй жануарларын есепке алу мемлекет қаражатының есебінен жүргізіледі. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әлеуметтік осал топтарға жататын 1500 үй жануарын чиптеу жоспарлануда.

Жануарларды чиптеу арқылы бірдейлендірудің бірқатар артықшылығы бар. Бұл рәсім іс жүзінде жануарды вакцинациялауға ұқсас, бірақ вакцинаны енгізудің орнына микрочип енгізіледі, оның көлемі күріш дәнінен үлкен емес. Өмір бойына бірдейлендірудің жануарды жоғалту немесе ауыстыру қаупін азайтуға септігі бар. Еуропалық Одақ елдеріне және басқа да алыс шет елдерге – АҚШ, БАӘ, Австралия, Канада, Жапония, т. б. елдерге саяхаттау кезінде кедендік бақылауды жеңілдетеді. Жоғалған жануарды іздестіруге көмек көрсетіп, чиптің арқасында жануарды қысқа мерзімде табуға болады. Бұл рәсім қауіпсіз.

Чиптеу рәсімі ашық болуы үшін «Таңба» жануарларды есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесі сатып алынды, ол 2022 жылдың қыркүйегінен бастап жұмыс істейді. Аталған жүйеде жұмыс істеу бойынша Астана ветсервис және қаланың ветеринарлық клиникаларының ветеринарлық дәрігерлерін онлайн оқыту вебинарлары өткізілді. «Таңба» үй жануарларын есепке алу жүйесінің артықшылығы көп. Мәселен, елімізде тіркелген жануарлар туралы статистикалық ақпарат қолжетімді. Ветеринарлық клиникалар мен мамандандырылған ұйымдардың ветеринарлық дәрігерлері ғана «Таңба» жүйесіне бірдейлендіру жұмысын жүргізіп, жануар туралы мәліметтерді енгізе алады. 2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейін заң нормаларына біркелкі көшу үшін Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы 2022 жылдың қарашасында бірдейлендіру үшін 14900 ит пен мысық чиптерін (10900 ит чиптері, 4000 мысық чиптері) сатып алуды ұйымдастырды.

Кейін жүйеде Астана қаласы аумағындағы ит пен мысықтардың нақты саны қалыптасады. Нәтижесінде қаламыздың аумағында жануарларды ұстау картасын жасау мүмкіндігі пайда болады. Мұның бәрі үй жануарлары иелерінің жауапкершілігін арттырады, қаңғыбас жануарлардың санын азайтады және үй жануарларының тістеуінен зардап шеккендердің санын азайтады. Үй жануарларын чиптеу жұмысы жалғасуда. ҚР ӘҚБтК-нің 407-2-бабына сәйкес, үй жануарларын есепке алу бойынша заңнамада белгіленген талаптарды орындамағаны үшін жеке тұлғаларға – 10, лауазымды адамдарға – 20, заңды тұлғаларға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатынын атап өткен жөн.

2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейін үй жануарларын тегін чиптеу келесі мекенжай бойынша атқарылады: Байқоңыр ауданы, Ақсүмбе даңғылы, 1-ғим. (А. Пушкин көшесі), Сарыарқа ауданы, 20-40 көшесі, 2/1-ғим.

СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

Екі жыл бұрынғы індет есірткінің қоғамға кең таралуына жол ашып берді. Жауыннан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптаған интернет-дүкендер үлкендермен қатар жастарды, 13-14 жасар балаларды да өз ошағына магнитше «тартты». Есірткі сатушылар жаһантордың «жайлауын» жалпағынан басып, саудасының көрігін қыздырды. Бірақ олар «интернеттегі кәсібімізді ешкім байқамайды» дегенімен қателесіпті. Мысалы, бір жыл ішінде Астанада синтетикалық есірткіні дайындау, сақтау, тарату, сатуға қатысты 769 қылмыстық іс қозғалған. Иә, қазір әлемдік нарықта дәстүрлі есірткіні синтетикалық есірткі ауыстырып, бірінші орынға шықты. Бұл – бізді ғана емес, жаһан жұртын алаңдатқан ең өзекті, ең бірінші мәселе.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЖАСТАРДЫ ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ?

Нарколог-дәрігерлер мен полицейлер синтетикалық есірткінің бағасы арзан, кез келген уақытта қолжетімді, тұтынуға өте қолайлы болғандықтан қоғамда кең таралып жатқанын айтып, дабыл қағуда. Шынында да, бұрын бұл есірткі елімізге дайын өнім ретінде тасымалданатын. Ал қазір есірткі жасаушылар оны өздері шығарады. «Самодельные лаборатории» деген атау күнделікті сөз қолданысымызға еніп кетті. Өзге есірткі емес, осы «синтетика» қазір жасөспірімдердің арасында «танымал» болып отырғаны рас.

Бұл есірткі жастарды қалай қызықтырып отыр? Себебі бұрын біз есірткіқұмар дегенде қолында инесі бар, өзіне дәрі егетін адамды көз алдымызға елестететінбіз. Одан кейін суретте, бейнежазбада құлап жатқан адамды, жанында шашылып жатқан дәрілерді көруші едік. Ал қазіргі есірткіқұмардың бейнесі мүлдем өзгерді. Мәселен, көшеде сағыз шайнап келе жатқан адамды наркоман деп ешкім ойламайды. Яғни «синтетиканы» сағыз сияқты шайнауға, темекі секілді тартуға, иіскеуге болады. Бәрі оңай. Сол себептен есірткі сатушылардың торына көбінесе кәмелет жасына толмағандар түсіп қалады.

«Көп ақша төлеймін» деген уәдеге сеніп қалған жасөспірімдер есірткі жасаушылар мен таратушы делдалдардың құрығына ілінеді. Алайда көп ақшаға, өтірік сөзге сенген жандар елімізде 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын білмейді. Себебі есірткімен байланысты құқық бұзушылық іс-қимылдар ауыр және аса ауыр қылмыстармен теңестірілген. Тіпті мұндай қылмысы үшін өмір бойы абақтыға қамалу жазасы да бар.

«Қылмыстың бұл түрі ауыр және аса ауыр қылмысқа жатады. Себебі есірткі адамды қинап өлтірумен бірдей. Егер қайбір бала немесе жасөспірім есірткі таратқаны, тұтынғаны үшін жазаланбаймын десе қатты қателеседі. Тіпті бір көргенде қылмыс болып саналмайтын қабырғаға белгілі бір сайттың суретін салу, баннерді жапсыру да ауыр қылмысқа жатады, ол үшін 3-тен 6 жылға дейін түрмеге қамалады. «Мен есірткіні қолыммен ұстаған жоқпын», «мен ешқандай заңды бұзған жоқпын» деген ақталу сөзге құлақ аспаймыз» деп түсіндіреді мәселенің мәнісін Астана қаласы Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі басқармасының бөлім басшысы Сергей Ильиных. Ол 2020 жылдың қаңтарынан бастап ҚК-тің 299-бабының 1-тармағы («Есірткі заттарын насихаттау және заңсыз жарнамалау») заңнамызға енгізілгенін айтады. Осы бап бойынша қылмысы дәлелденген адам дүние-мүлкі тәркіленіп, 3 жылға бас бостандығынан айырылады.

2022 ЖЫЛЫ АСТАНАДАҒЫ ДӘРІХАНАЛАРДА ЕСІРТКІГЕ ПАЙДАЛАНАТЫН ДӘРІЛЕРДІ РЕЦЕПТІСІЗ САТУҒА ҚАТЫСТЫ 14 ФАКТІ ТІРКЕЛГЕН

ПСИХОБЕЛСЕНДІ ДӘРІЛЕР САМСАП ТҰР

Қазір кім не шегемін десе, бәрін табады. Заманауи технология қатты жетілді. Ғаламтор-дүкендер де көп. Нарықта сұраныс болғандықтан, тауар да жетерлік. Нашақорлыққа қарсы мемлекеттік деңгейде ауқымды күрес жүргізілуде. Мұндайда есірткіге тәуелді адам басқа жол іздейді. Соған әсері ұқсайтын дәріні сатып алады. Қазір, есірткімен қатар, әсіресе жастар арасында психикаға белсенді әсер ететін затты, стимулятор, ұйықтататын және седативтік затты, холинолиттік әсері бар кейбір дәрі-дәрмекті, галлюциногендік әсері бар затты қолдану кеңінен орын алуда. Дәріханаларда заң жүзінде дәрігердің рецептімен сатылатын кейбір психобелсенді заттар рецептісіз сатылуда. Ақшаға құныққан ашкөз сатушы сол дәріні рецептісіз, бағаны өсіріп, өз бетімен сатып, бизнес көзіне айналдырған. Сатып алушы арасында жасөспірім бала да кездеседі. Меніңше, осы дәріні сатқан адамды қылмыскер ретінде жауапқа тарту керек.

Мәселен, 2022 жылы Астанадағы дәріханаларда есірткіге пайдаланатын дәрілерді рецептісіз сатуға қатысты 14 факті тіркелген. Бұл белгілі болғаны ғана, ал белгісізі қаншама. Шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жарияланғанмен, полицейлерге есірткінің заңсыз айналымына қатысты ақпарат түскен жағдайда кез келген мейрамхана, дәмхана, бар немесе дәріхананы тексеруге мүмкіндігі бар.

«Мұндай жағдайда біз қатаң шара қолданамыз. Соттың шешімімен айыппұл саламыз, тіпті заңды бұзған ұйымның қызметін жарты жылға дейін тоқтатамыз. Егер бұдан қорытынды шықпаса, кәсіпкерлікпен айналысуға рұқсат беретін лицензиясынан айырамыз» дейді С.Ильиных.

ЗАРДАБЫ ҚАНДАЙ?

Дәрігерлер синтетикалық есірткі табиғи есірткіге қарағанда адам ағзасына 100 есе зиян екенін айтады. Себебі табиғи өсімдіктерден емес, химиялық заттардан жасалатын, ұзақ уақыт бұзылмай сақталатын есірткінің адам ағзасына бірнеше зор қаупі бар.

«Бірінші, жүрек-қан тамырларының жұмысы бұзылып, 70-80 пайыз жағдайда адам өміріне қауіп төндіреді. Екінші, денені тырыстырып, эпилепсиялық талма дертін тудырады. Үшінші, тыныс алу жолдарына кері әсер етіп, өкпе қабынып, адам ауа жетіспеушіліктен жүріп кетуі мүмкін. Төртінші, психикалық қызметтің ауытқушылығын, яғни психоз тудырады. Мұндай дертке шалдыққан адамның құлағына әртүрлі дыбыс естіліп, көзіне елес көрініп, бойын қорқыныш билейді немесе аяқ-қолы қарысып, неврологиялық жағдай туындайды. Бізге көбінесе осы төртінші жағдайға тап болған нашақорлар көмекке жүгінеді. Синтетикалық есірткіні 3-4 рет қана қолданудың өзі жасырын түрдегі шизофренияның, эпилепсияның аффект бұзылыстар белгілері пайда болуына ықпал етеді. Оның қаншалықты зиян екенін осыдан-ақ түсінуге болады. Ең жаманы, нашақорлықтан емделіп болған адам күйзеліске ұшыраған кезде психикалық ауытқуы қайталануы мүмкін» дейді Астана медициналық университеті психиатрия және наркология кафедрасының ассистенті Тоқтар Қойшыбеков.

ҚЫЗДЫ ШЕШЕ ТӘРБИЕЛЕЙ МЕ, КӨШЕ ТӘРБИЕЛЕЙ МЕ?

Өткенде бір досым «Астананың көшесінде келе жатсам, екі студент қыз бірінің шашынан бірі жұлып төбелесіп жатыр екен, біраз адам қораланып алып, қызық көріп тұр. Ал ана екі қыз ұятты жерлері ашылып жұлысып жатыр, жүгіріп барып орындарынан тұрғызып, ажыратсам, бірін-бірі қоя бермейді, қаным басыма бір-ақ шапты да, екеуін шапалақпен екі тартып ұзыннан түсірдім, тосын тиген соққыдан кейін екеуі екі жаққа қашты, қызық көріп қарап тұрғандардың да жеті атасын жездей қақтадым» деп жаны күйген бір жағдайды айтқан еді. Әрине, Астанада ғана емес, мұндай жағдай еліміздің барлық жерінде бар, әсіресе оқушылар арасындағы әлімжеттілік асқынып барады.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Соңғы кездері әлеуметтік желіде де қыздардың бірін-бірі шаштан жұлып, сабап жатқан бейнежазбасы көбейді. Дені – 14-15 жас мөлшеріндегі қыздар. 10, 11 кластың немесе студент қыздар болса керек, бәрі жабылып бір қызды сабағанына, ұрып құлатып, шаштан жұлғанына мәз. Ал айтылып жатқан былапыт сөздерін естісең, жаның түршігеді. Әрине, бұл қоғамда ішінара кездесетін жағдай болғанымен, әдеміліктің, биязылықтың, сұлулықтың символы болған қыздардың дәл осылай алысып-жұлысып жатқаны бала тәрбиелеп отырған ата-ананы бейжай қалдырмайтыны анық.

Бүгінгі қыз – ертеңгі ана. «Қыз өссе – елдің көркі» деп атамыз қазақ қызға қырық үйден тыйым салып, қызын төріне шығарып, төбесіне көтеріп өсірген. Қазақ тарихында қолына қару алып жауға шапқан батыр қыздар болғанымен, қазақ қызын ешқашан алыстырып, жұлыстырмаған. Керек десең, «қызға жымиған да жетеді» деп қыз баланы қарқылдап күлмеуге, дарақы әдет көрсетпеуге шақырған. Қазақ қызы төбелеспек түгілі, дауыс көтеріп те сөйлемеген. Ондай әдепсіздік танытса «көкбет, көргенсіз»-ге балаған.

Бірақ батысқа еліктеудің әсері ме, жоқ әлде жат жұрттық тәрбиенің ықпалы ма, соңғы кездері қазақ қыздарынан да ұят кете бастады. Әрине, бұл арада біз еркектерді, ер-азаматтарды сүттен ақ, судан тұнық деуден аулақпыз, тұтас қазақ ұлтының ұрпақ тәрбиесі үлкен дағдарысқа ұшырағаны рас. Ұлағатты ұл болмаған жерде, қылықты қыздың болмайтыны да ақиқат. Алайда қыз тәрбиесі-ұлттың тәрбиесі екенін, әйел бір қолымен бесікті тербетсе, енді бір қолымен әлемді тербететінін, әйелдік кіндігінде әлем айналатынын ескерсек, қыз тәрбиесіне ешқашан елеусіз қарай алмаймыз. Қазақтың осы күнге жетуі бір жағынан, «ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші» болса, екінші, бір елдігімізді сақтап қалған ұлы құдірет – жар төсегін жайнамаздай күзетіп, жары жауға кеткенде ауылды аман сақтаған аналардың арқасы болатын.

Ұлдың да, қыздың да тәрбиесі – маңызды тақырып. Әр ата-ана өз әлінше баласына тәрбие береді, ешбір ата-ана балам жаман болсын демейді. Бірақ қазір «қызды шеше тәрбиелемейді, көше тәрбиелейді» деп Қадыр Мырза-Әлі айтқандай, бүгінгі таңда баланы қоғамдық орта мен әлеуметтік желі тәрбиелейді. Яғни қазіргі ата-аналар «қызға қырық үйден тыйым» деп қызын қымтап ұстауға шарасыз. Демек, қазір – баланы ата-ана, мектеп (білім беретін орын) және қоғам болып тәрбиелейтін заман. Өкінішке қарай, бала тәрбиесіндегі осы үш жақтың бір-бірімен байланысы үзілген. Мектептердегі тәлім-тәрбие де әлсіз, әсіресе ұлттық тәрбие, ұлттық мінез тұрғысынан тәрбие жүргізу жоқтың қасы. Себебі біздің қазіргі заңдарымыздың көбі баланың адамдық құқық жағына баса мән береді де, балаларға тамаша ұлттық қасиетке тән тәлім-тәрбие беру тұрғысынан ешқандай жауапкершілік жүктелмейді. Жастар тәрбиесіндегі қоғамдық ортаның міндеті мен жауапкершілігі ескерусіз қалған. Сосын да жоғарыдағыдай ұнамсыз жайттар қоғамда күшті дүмпу туғызбаса, біздің заң атқару органдары оған араласа бермейді. Егер біздің заң атқару орындары жоғарыдағыдай жайт туыла қалған жағдайда, қоғамдық тәртіпті бүлдірушілермен қатар, олардың ата-аналарына, ұстаздарына және оқу орнына дұрыс тәрбие бермегендігі үшін қатаң жаза қолданса, мұндай ұятсыз жағдайлар азаяр еді. Бір ауыз сөзбен айтқанда, бізге де ұлттық тәлім-тәрбие мен ұлттық моральды насихаттайтын және қадағалайтын әдеп сақшылары керек сияқты.

ОНЫҢ ҮСТІНЕ, ҚАЗІРГІ ШӘКІРТТЕР ҰСТАЗЫН СЫЙЛАУДЫ, ОЛАРДАН ҚОРҚУДЫ, ҰЯЛУДЫ ДА ҰМЫТЫП БАРАДЫ. ОЛАРҒА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖЕКІП ҰРСУЫНА, ТІЛ АЛМАСА ҚАТАҢ ЖАЗА ҚОЛДАНЫП ЖӨНГЕ САЛУҒА ДА МҮМКІНДІК ЖОҚ

Кеңес Одағы кезінде де қыз тәрбиесіне баса назар аударды. Мектеп қабырғасынан «Әйелдер кеңесі» құрылып, қыздардың тәртібін, киім киісін қадағалап отыратын. Ұлттық тәлім-тәрбие де қатар айтылатын. Қазір бізде осындай үрдіс бар ма? Оның үстіне, қазіргі шәкірттер ұстазын сыйлауды, олардан қорқуды, ұялуды да ұмытып барады. Оларға мұғалімдердің жекіп ұрсуына, тіл алмаса қатаң жаза қолданып жөнге салуға да мүмкіндік жоқ.

Шынын айтайық, қазіргі жастардың көбі ұлттық ғұрып-әдет, ұлттық тәлім тәрбиеге пысқырып та қарамайды. «Ұят болады, обал болады, жаман болады» деген үш-ақ ауыз сөзбен бала тәрбиелеген қазақ бұл күнде қазақтың ырым-тыйымымен балаға тосқауыл қоя алмайды. Себебі телефонға есі кеткен жас ұрпақ қазір бәрін «адамзаттық деңгейде» ойлауға көшкен. Соның да олардың назарында ұят болады, ертеңім не болады деген ұғым екінші орынға сырылды. Көңілі нені қалайды, соны істеп көреді, темекі шегеді, арақ ішеді, төбелеседі, жат жыныстылармен қарым-қатынасқа түседі. «Бәрін өзім білем» деп басынан сөз асырмайды. Мектеп қабырғасында оқып жүріп жүкті болып қалатын қыз балалар көбеюінің бір себебі осында. Бұл кезі келгенде олардың отбасы құру ісіне де ықпал жасайды. Елді, ерді сыйлаудың әйел бақытының бір шырағы екенін естен шығарады да, күйеуімен салғыласып, үйленгеннен кейін аз күнде ажырасып тынады.

Соңғы жылдары каратэ, бокс, таэквондо сияқты спорт түрлерімен айналысатын қыздардың қатары көбейген. Әрине, олардың көбі осы спорт саласына қызыққаннан емес, керісінше, жоғарыдағыдай төбелестерде біреуден таяқ жемеу үшін баратыны да жасырын емес. Міне, осының өзінен қыздар арасындағы төбелестің бұрымдылар арасында етек алып бара жатқанын айғақтаса керек. Ал мұның арғы жағында мектептердегі әлімжеттік жатыр. Қыздардың осы төбелесін көрген ата-ана енді өз қыздарын қалай тәрбиелейді? Сен мына жақтан әдепті бол, ибалы бол деп тәрбие бергеніңмен, ертең біреудің қызы оған әлімжеттік жасап, сабап жатса, оның обалы кімде деген сұрақтың барлық ата-ананы мазалайтыны рас. Сондықтан, мұндай ерсі қылықты еркіне жіберуге болмайды, бұл бассыздықты еркіне жібермеу үшін бүкіл қоғам болып жұмылмаса, тек ата-ананың, мектептің тәрбиесі аздық етеді. Соңғы кездері қоғамдық ортада бейәдеп сөйлесе, 69 мың теңге айыппұл салу көзделіп отырғаны сияқты, қыздардың қоғамдық тәртіпті, ұлттық тәрбиені сақтамағаны үшін де айып пен жазаны қатаңдатқан жөн сияқты. Әлеуметтік желіні шулатқан қыздардың төбелесінен біз осындай ой түйдік.

№9 (4442) 24/01/2023 Сейсенбі

ЕМІ ЕРЕКШЕ ЕМХАНА

Пандемия – өмірде адам үшін денсаулықтан асқан құнды дүние жоқтығын тағы бір рет көрсетті. Еліміз мұндай індетке қарсы тұрды – күні-түні адам өмірі күрескен дәрігерлердің арқасында. Бірақ, бұл індет медицинаны дамыту, жаңарту, білікті кадрлармен толықтыру міндеттерін қойғаны белгілі. Сол кезде аурухана стационарлары ғана емес, қаладағы емханалар да барын салып, адам жанының арашасы болды. Қазіргі емханалардың хал-жағдайы қалай, кадр тапшылығы бар ма, тағы басқа қандай мәселелері бар – біз қаладағы Сарыарқа ауданына қарасты №4 емхананың бас дәрігері Серік ШӘЙМЕРДЕНОВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Серік Әменұлы, №4 емхана – Сарыарқа ауданына қатысты тұрғындары көп үлкен аумақты қамтиды. Ең басты міндет – профилактикалық емдеу мен оңалту жұмыстары. Осы жөнінде айтсаңыз.

– Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті учаскелік терапевтер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер және мейіргерлер көрсетеді. ТМККК (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі) шеңберінде медициналық көмекті қамтамасыз ететін МСАК (алғашқы медициналық-санитарлық көмек) көрсететін медицина ұйымының жұмыс режимі, демалыс және мерекелік күндері МСАК кезекші дәрігерлерінің жұмысын қамтамасыз ету арқылы барлық мамандар және құрылымдық бөлімшелер үшін жылжымалы кесте бойынша сағат 08.00-ден сағат 20.00-ге дейін белгіленеді.

Медициналық-санитарлық көмек неғұрлым кең таралған ауруларды, сондай-ақ жарақаттануларды, улануларды және басқа да кейінге қалдыруға болмайтын жай-күйлерді диагностикалау мен емдеуді, инфекциялық аурулар ошақтарында санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларды, халықты гигиеналық оқытуды, отбасын, ананы, әкені және баланы қорғауды, халықты қауіпсіз сумен жабдықтау және оның кенеулі тамақтануы жөніндегі түсіндіру жұмыстарын қамтиды.

Медициналық-санитарлық көмек мынадай 2 жағдай бойынша көрсетіледі:

1) бекіту фактісіне қарамастан шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсеткен кезде;

2) жоспарлы түрде – бекітілуі, алдын ала жазылуы немесе жүгінген жағдайда.

– Бүгінгі таңда тұмаудың алдын алудың ең тиімді және ғылыми негізделген әдісі – вакцинация. Коронавирусқа қарсы вакцина алу, иммунитетті көтеру – басты мәселелердің бірі. ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу мақсатында тұрғындарға қандай кеңес берер едіңіз? Иммундаудан басқа спортпен айналысудың адам үшін қаншалықты пайдасы бар?

– Тұмауды алдын алудың 3 түрі бары белгілі:

• Екпелік алдын алу;

• Дәрімен алдын алу (вирусқа қарсы дәрілер);

Жеке және қоғамдық гигиена (ақпараттандыру жолымен) ережесін қадағалау. **Өзіңіздің ауырып қалмауыңыз және айналадағыларға жұқтырмау үшін не істеу керек?**

• Науқас адамдармен байланыстан алшақ болу;

• Науқасқа 1 метрден жақын жақындамау;

• Науқас адамдармен байланыс жасаған кезде демперде кию;

• Инфекцияның таралуын алдын алу үшін қолды сабынмен немесе бактерияға қарсы (құрамында спирт бар) ерітіндімен жуу;



• Бір реттік қол орамалын қолдана отыра, жөтелген және түшкірген кезде мұрын мен ауызды жабу;

• Адам көп жиналған жерге (ойын-сауық шараларына, жиналыстарға, кездесулерге) бармау;

• Бөлмені жиі желдету;

• Кір қолмен көзді, мұрын мен ауызды түртпеу;

• Салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйқы, таза ауа, белсенді демалыс, дәрумендерге бай тағамдар), ол ағзаның кез келген инфекциямен күресуіне көмектеседі.

• Егер Сіз ауырып қалсаңыз, басқа адамдармен байланысты барынша азайту және емдеу бойынша нұсқау алу үшін шұғыл дәрігерді үйге шақырыңыз. Жеке күнделікті гигиена шараларын ескере отыра және науқастанған күннен бастап 7 күн ішінде үйден шықпағаныңыз дұрыс.

Отбасының бір мүшесі ауырса болды, бір-бірден қалғандары да ауыратынын жиі білеміз. Науқасты бөлек бөлмеге оқшаулау, ауырған адамның отбасы мүшелері үшін дәке таңғыш қолдану, науқастың бөлмесін жиі желдету және ылғалды жуып-шаю осының барлығы – алдын алу іс-шараларының ажырамас бөлігі. Тұмау ошағында – науқас жатқан бөлмедегі тұрмыстық заттарда, ауада ауру қоздырғыштарды зарарсыздандыру бойынша дезинфекциялық іс-шаралар өткізу міндетті. Ауада инфекциялық аэрозольдің (ұсақ дисперстік, шаң фазаларының) шоғырлануын азайтудың қарапайым тәсілі бөлмені жиі желдету болып табылады. Суық жыл мезгілінде күніне 3-4 рет 15-20 минуттан желдету ұсынылған. Сонымен бірге науқас бөлмесінің ауа температурасын бақылау керек. Ол 20 гр төмен болмауы қажет.

Тұмауды алдын алу мақсатында қолданылатын дәрі-дәрмектер әртүрлі, оларды тек дәрігердің тағайындауымен қабылдау қажет. Кейбір дәрілік өсімдіктердің вирусқа қарсы қасиеті бар. Көне грек заманында да дәрігерлер тұмау кезінде лимон мен апельсин, бал мен қалампырды қолданған. Көптеген дәрілік өсімдіктердің ішінен тек кейбір түрлеріне ғана тоқталамыз:

•Пияз, сарымсақ – өсімдіктен шыққан микробқа қарсы заттар фитонцидтерден тұрады;

•Жалбыз, қарағай – вирусты жойғыштық әрекетке ие және ингаляция үшін қолданылады;

•Лимон, итмұрын, мүкжидек, итбүлдірген, шырғанақ – дәрумендер көзі, соның ішінде С (аскорбин қышқылы), оның негізінде дәрумендер сусыны дайындалады (шай, морс, тұнбалар).

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған.

Спорт – салауатты өмір салтының негізгі бөлігі. Физикалық белсенділік денсаулыққа ғана емес, адамның психологиялық жағдайына да әсер етеді.

Физикалық белсенділік – метаболизмді арттырып, қосымша калорийлерді азайтуға ықпалын тигізеді. Спортпен шұғылдану – иммунитетті және төзімділікті арттырады. Дене шынықтыру кезінде өкпеде өзгерістер пайда болады. Өкпе дұрыс демалса, дұрыс жұмыс істесе, бронхит немесе пневмония аурулары туралы ұмытуға да болады. Жаттығулар жасау кезінде, жүрек-тамыр және жүйке жүйелеріне жақсы әсер ететін эндорфиндер шығарылады. Мидың ойлау және есте сақтау қабілеттеріне тигізетін пайдасы үлкен. Созылмалы аурулардың пайда болуының басты себептерінің бірі – дене белсенділігінің болмауы. Жаттығулар қан айналымын жақсартады және адамның сүйегін қатайтады. Осыны ұмытпаған жөн.

– Жалпы дәрігердің, емхананың этикалық кодексі бар ғой, емхана міндеті – сапалы да тиімді медициналық көмек көрсету арқылы емделушілердің сеніміне ие болуға қол жеткізу. Әр медициналық мекемеде сапаны бақылау қызметі бар, тұрғындардан арыз-шағымдар жиі түсе ме, медперсоналдың қызмет сапасын бақылау қалай жүзеге асырылады? Емханадағы қағаздар электрондық жүйеге көшкені белгілі. Бұл қаншалықты тиімді?

– 2022 жылы біздің мекеменің медициналық қызметкерлерінің көрсеткен қызметі үшін емделушілерден 5 мыңнан астам жақсы бағалаулар түсті. Әрине, арыз-шағымдарсыз болмайды ғой, бірақ біздің мекемедегі дәрігер-эксперттер барлық шағымдарды толық, жан-жақты қарастырып, туындаған мәселелерді толықтай шешіп, уақытында қанағаттандырарлық жауап береді.

Медициналық қызметкерлер үшін электронды түрде сақталатын ақпараттар барынша қолжетімді болғандықтан, медициналық құжаттарды қағазсыз жүргізуге көшу - дәрігерлер қағаз күйіндегі амбулаториялық картаны немесе сырқатнаманы іздеп, өзге дәрігердің жазбаларын оқып жатпай, науқастың денсаулығы туралы мәліметті ақпараттық жүйелер көмегімен тез арада алуына оң әсер етті. Мысалы, емделушілерге де өз денсаулығы туралы қорғалған ақпаратқа, сондай-ақ өзінің бұл айда жоспарлы профилактикалық тексеруден өтуі немесе учаскелік дәрігеріне баруы керектігі туралы жеке кеңестер мен хабарламаларға қол жеткізе алады; аурухана дәрігері алдындағы науқасқа жүргізілген зертханалық тексерулердің нәтижелері туралы өзекті мәліметке қол жеткізіп, ол сараптамаларды қайта өткізуге және нәтижелерін күтуге уақытын жоғалтпайды; мейіргер науқасқа салынатын препарат мөлшерінің оның салмағына қаншалықты сәйкестігі жөнінде хабарлама ала алады.

– Емханада медицина кадрларына тапшылық бар ма, дәрігерлер мен медбикелерді даярлайтын оқу орындарымен байланыс кадр мәселесін шешуге септігін тигізіп жүр ме?

– 2022 жылы 86 дәрігер, 124 орта буынды медбике, басқа да 14 қызметкер медициналық даярлықтан өтіп, білімдерін шыңдады. Орта буынды медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі мәселелері оқу орындарымен тікелей қарым-қатынас арқылы, басқа елді мекендерден келген қызметкерлерді жұмысқа қабылдау арқылы шешіліп жатыр.

– Қазіргі заманғы медициналық қондырғылармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген мекемеде науқастарға сапалы қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалған ба? Емхана ішіндегі күндізгі стационар қызметі қалай жұмыс істеуде? Зейнеткерлерге, соғыс ардагерлеріне, көпбалалы аналарға арнайы жеңілдіктер бар ма?

– Біздің мекемеде заманғы медициналық қондырғылармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, науқастарға сапалы қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалған. 2020 жылғы 6 мамырдағы № 322-VI ҚРЗ Ардагерлер туралы Қазақстан Республикасының Заңы бойынша, ардагерлерге көрсетілетін медициналық қызметтер:

• Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарда артықшылықпен қызмет көрсету және ауруханаға кезектен тыс жатқызу;

• Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен білікті медициналық көмек алу;

• Протездермен (тіс протездерінен басқа) және протездік-ортопедиялық бұйымдармен тегін қамтамасыз ету;

Балаларға сырқатына байланысты тұрақты диспансерлік бақылауда тұратын болса, тегін дәрілер, кейбір сирек кездесетін орфанды аурулар бойынша ғана арнайы тағам беріледі.

Зейнеткерлерге емханада герантологиялық пациенттерге арналған медициналық көмектер көрсетіледі. Медициналық көрсеткіштер бойынша, тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі. «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелеріне тегін дәрі-дәрмек жүректің ишемиялық ауруларымен, артериялық гипертензия мен созылмалы жүрек жетіспеушілігі, оның ішінде дилатациялы кардиомиопатиямен ауырған жағдайда, асқазанның және ұлтабардың ойық жарасы немесе остеоартроз аурулары анықталған жағдайда беріледі.

– Зерттеу сараптамалары, талдау нәтижелері онкологиялық қауіпті көрсеткен жағдайда тұрғындармен дәрігерлік-психологиялық кеңестер беріліп, оның басқа орталықтарға барып қаралуы қадағалана ма?

– Мекемеде профилактика бөлімі жұмыс атқарады. Бұл бөлімде психолог мамандар онкологиялық науқастар мен олардың туысқандарына психологиялық көмек көрсетеді.

Сұхбаттасқан **Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**





АСТАНАЛЫҚ СПОРТТЫҢ АЛҒАН АСУЫ ҚАНДАЙ?

Астана қаласы Коммуникация қызметінің баспасөз орталығында қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев онлайн брифинг беріп, 2022 жылды қорытындылады.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Басқарма басшысы астаналық спортшылардың айтулы жеңістігі туралы кеңінен тоқталды. Оның ішінде, теннисші Елена Рыбакинаның Үлкен дулыға турнирінде жеңіске жеткенін ерекше атады. Теннис спортындағы жарқын жетістік бұл ғана емес. Жыл қорытындысымен Альбина Какенова 14 жасқа дейінгі қыздар арасында Азия теннис федерациясының рейтингісінде көш бастаса, Темірлан Кәрім ATF-тің жасөспірімдер арасында көшбасшысы атанды.

– Біздің спортшылар шахмат, гимнастика, бокс, еркін күрес, жүзу мен ескек есу, жеңіл мен ауыр атлетикадан биік тұғырдан көрінді. Алматы қаласында өткен әлем чемпионатында Динара Сәдуақасова рапид бойынша күміс жүлдегер атанды. Шахматшы Бибісара Асаубаева 17 жасында ең жас әлем чемпионы атанып, Гиннестің рекордтар кітабына енді.

Жүзгіш Әділбек Мусин 100 метрге баттерфляй әдісімен жүзуде елдің рекордын жаңартты. Тарихи сәт Мельбурнде өткен әлем чемпионатында орын алды. Аммада өткен Азия чемпионатында Санжар Ташкенбай мен Айбек Оралбай алтыннан алқа тақса, Нұрбек Оралбай күміс медаль, Ләззат Күнгейбаева қола медальді қанағат тұтты. Жерлесіміз Тимур Фомичев пен Ярослав Мельников Тайландта өткен Азия чемпионатында екі бұрылмалы айналым бойынша ескек есуден дараланды. Мексикада әлемнің үздік ауыр атлеттері бас қосып, бұл сында Едіге Ембер қарсыластарынан қара үзді. Жерлестердің жетістігі мұнымен шектелмеді. Қос биші Максим Жиленков пен Арина Молочникова Латвиядағы әлем чемпионатында мықты екенін мойындатса, апалы-сіңлі жеңіл атлетші Колодалар Кувейтте жалауы желбіреген Азия чемпионатында чемпион атанды. Каратэ-до WKF-тен елорда тарихында Николь Ценгель алғашқы алтын медальді алды, – деп астаналық спортшылардың жетістігін саралады басқарма басшысы.

Кейінгі жылдары елордада паралимпиада спорты қарқынды дами бастады. Астана қаласы мүгедек спортшыларға арналған спорт мектебінің өкілі Сиязбек Далиев Португалияда өткен парапланинг бойынша әлем чемпионатында үшінші орынға тұрақтады. Бразилияда өткен XXIV Сурдлимпиада ойынында дзюдошы Сабыржан Хапизов пен үстел теннисінен Владимир Нестеров жүлдегер атанды. Италияда өткен паракарате бойынша әлем чемпионатында Ләззат Жүсіпова мен Дидар Мұхамеджанов жеңімпаз атанды. Ал Ақмарал Науатбек пен Ерғали Шамей паралимпиадалық дзюдодан әлем чемпионы болды. Біздің жерлесіміз Ақмарал Науатбек әйелдер парадзюдосында әлем чемпионы атанған алғашқы қазақстандық ретінде тарихқа енді. Малайзияда есту қабілеті бұзылған ойыншылар арасында футзалдан әлем чемпионаты өтті. Бұл турнирде Қазақстан күміс жүлдегер атанды. Бонкогта пара-хоккейден әлем чемпионатында астаналық ерекше жандардан құрылған Қазақстан командасы да күміс медальді қанағат тұтты.

Спортшыларды жетістікке жетелеген сала мамандарының еңбегі де лайықты бағаланғаны қуантты.

– «Жеңімпаз рухы» ұлттық спорт сыйлығының жеңімпазы қатарында астаналық спортшылар мен бапкерлер мойындалды. «Жылдың үздік спортшысы» номинациясы – Жәмила Бақбергеноваға бұйырса, оның жеке жаттықтырушысы Нұрсұлтан Теміров «Жылдың үздік жаттықтырушысы» атанды. Ал Ирина Новикова «Дене шынықтыру және спорт бөлімінің үздік маманы» номинациясына ие болды, – деді Самат Жылқыбаев.

Бұқаралық спорттың дамуында спортшылардың жарысқа жиі-жиі қатысуы маңызды рөлге ие. Әсіресе, өз елінде халықаралық турнирлер өтетін болса, спортшының жауапкершілігі артып, жанкүйерлерінің алдында жақсы өнер көрсетуге барын салады. Мұның бәрі спортшыны өсіреді. Қазақстанда өтетін Азия және әлем чемпионатының басым көпшілігі Астана қаласында өтетіні белгілі. Сондай байрақты бәсекенің бірі – 170-ке жуық Азияның үздік дзюдошысын жинаған Азия чемпионаты болды. Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында қазақ дзюдошылары табысты өнер көрсетті. Сондай-ақ қазақ күресінен әлем чемпионаты жоғары деңгейде өткенін айту керек. Алғаш рет еркін күрестен халықаралық Wrestling stars турнирі өтіп, онда Ресей, Англия, Өзбекстан, Қырғызстан, Румыния, Эквадор, Тәжікстанның кіл мықты балуаны бақ сынады.

Әмин Тұяқовтың жүлдесіне арналған алғашқы халықаралық турнирі жеңіл атлетиканың 15 түрінен ерлер мен әйелдердің үздігін анықтады. Бұл жарыста ардагер спортшылар да бақ сынады.

Бұқаралық спортты дамытуда спорт ғимаратының инфрақұрылымын уақыт талабына сай ету маңызды. Кейінгі жылдары аулалық спорт дами бастады.

Астанада ADD Table Tennis Center Astana үстел теннисі орталығы ашылды. Елордада алғаш рет бокс орталығы, көркем гимнастика орталығы, жекпе-жек орталығы және жекпе-жек залы ашылды. Бұл орталықтардағы жаттығулар қаланың барлық құрама командалары мен спорт мектептерінің спортшылары үшін тегін. «Толқын» спорт кешені мен «Жастар» сарайында жөндеу жұмысы жүргізілді. «Қазақстан» спорт кешенінде қайта жөндеу және жаңғырту жұмысы жүріп жатыр. Бүкіл халықтың жаппай дене шынықтырумен бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Көктал-2» және «Өндіріс» тұрғын алаптарында екі дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. «Көктал-2» және «Өндіріс» елді мекендерінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылды.

Мамандандырылған спорттық медициналық орталық пен «Арғымақ» атты сауықтыру кешені ашылды. Спорттық медициналық орталық спорттық медицина, денені қалпына келтіру және қалпына келтіру саласындағы ең заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталды. Түрлі деңгейдегі жарыстарды, оқу-жаттығу процесін медициналық қамтамасыз етеді.

Биыл «Үркер», «Теміржолшылар» тұрғын аумағындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің есігі ашылады. Жаңа форматтағы көпфункционалды спорт орталығы да пайдалануға беріледі.

АСЫҚ АТА АЛАСЫҢ БА?

Астана қаласындағы №24 мектепте ұлттық ойын – асық атудан Еуразия кубогына іріктеу чемпионаты өтті. Оған Сарыарқа, Алматы, Байқоңыр және Есіл ауданының құрама командалары қатысты.

Ұлттық ойынды меңгерген 70-ке жуық қатысушы асықты 1 метр қашықтықтан көздеп ату бойынша бақ сынады. Сақаларын сайлап келгендердің арасында алпысты алқымдаған ардагерлер де бой көрсетті. Ал ең жас қатысушы – 14 жаста.

– Асық ату спорт түрі ретінде ел көлемінде ғана емес, әлем деңгейінде дами бастады. 2022 жылы желтоқсан айында Астана қаласында Азия чемпионатының өтуі дәлел болады. Бұл бәсекелі турнирге 10 елден 100-ге жуық спортшы келді. Еуразия кубогы – абыройы биік турнир. Оған жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар спортшыларды іріктейміз, – деді спортты олимпиадалық емес түрлері бойынша дамыту дирекциясының» баспасөз хатшысы Айдана Жеңісбаева.

Талап бойынша жарыс екі кезеңнен тұрды. Яғни, үш және төрт қатысушыдан құралған команда жасақтап, тізілген асыққа тигізіп, шеңбер ішінен шығаруы тиіс.

Дәлдік пен қырағылықты талап ететін ойында өзінің қабілетімен көрінген Оралбек Ақтілеуов, Сұлтан Жайлаубек, Нұрасыл Мырзалы бірінші орыннан көрінді. Жүлдегі екінші орын Мырзамұрат Қайыпбеков, Айдын Жасұзаққа, үшінші орын Жанболат Жамбыл, Дастан Амангелді, Тоқтар Студентұлына бұйырды.

Қыздар арасында Құралай Бейсенбай, Ақниет Төрехан, Алма Туленова дараланды. Екінші орыннан Камила Даниярова, Мөлдір Фазылова, ал үшінші орыннан Балмира Бекболсынова, Сайда Саркина, Айғаным Тукеноваға көрініп, Астана қаласы спорт және дене шынықтыру басқармасы дайындаған грамоталар мен сыйлықтарға ие болды.

«Астана-Энергия» АҚ-ы 2023 жылдың 27 ақпан сағат 11.00-де Астана қаласы Байқоңыр ауданы, Иманов көшесі 13 мекенжайы «Нұрсәулет» бизнес орталығы ғимаратында «2022-2024 жылдарға арналған «Астана-Энергия» АҚ-ң ЖЭО-2 үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы» бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілгені туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу сағат 10:50-ден 11:00-ге дейін.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) және «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-ң сайтында танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/nur-sultan-upr/press/article/1?activities=31058&lang=ru. Жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференциялар қосылу сілтемесін 87019424481@mail.ru электрондық поштасы немесе 87784006666 (Жұмабаев Е.Ж. «Ecolux» ЖШС-ң бас инженері) нөмірі арқылы алуға болады. Жоба тапсырыс берушісі: «Астана-Энергия» АҚ-ы (Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Усина Гүлнұр Талғатқызы, e_mail: loos_1@mail.ru. ұ.т. 87777722039). Жоба әзірлеушісі ЖШС «Ecolux» болып табылады. Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz немесе https://www.facebook.com/nursultanakimat/ поштасы арқылы қабылданады. Әсер ету аумағы Астана қаласы, Байқоңыр ауданы.

ДАЛА ДАУЫСЫН ДӘРІПТЕГЕН ДИРИЖЕР

«Астана Опера» театрындағы Вена классикасының фестиваліне шақырылған шетел музыканттары мен театрдың шығармашылық ұжымы бір ай бойы астаналықтарға классика жауһарларын ұсынады. Осы фестиваль барысында моңғолиялық дирижер, көптеген халықаралық байқаудың лауреаты Мунхбаяр Эрдэнэбаатармен сұхбаттасудың реті келді.

– Бұл сіздің Қазақстанға, Астанаға алғашқы сапарыңыз ба? Біздің ел жайлы әсеріңіз қандай?

– Бұл – Астанаға осымен екінші рет келуім. Елордаға бірінші рет Көкшетауға бара жатқанда атүсті, асығыс соққан едім. Сол сапар барысында Көкшетаудағы филармониялық оркестрмен өнер көрсетіп, «Астана Опера» театрының дирижері Абзал Мұхитдиннің шеберлік сағатына қатыстым.

– Маэстро Абзал Мұхитдинмен қалай таныстыңыз? Осы фестивальге оның шақыруы бойынша қатысып жатырсыз ба?

– Иә. Маэстро Абзал Мұхитдинмен былтыр жазда ол Моңғолияға саяхаттап келгенде танысқан едік. Сол кезде екеуміз тез достасып кеттік. Сөйлесе келе, бір-біріміздің дирижер екенімізді білдік. Абзал Мұхитдин – адам ретінде сенімді, өте жақсы адам, керемет пианист, кәсіби музыкант, әлемдік деңгейдегі дирижер.

– Сіз қай елдерде өнер көрсеттіңіз? Қандай халықаралық фестивальдерге қатыстыңыз?

– Көптеген фестивальдерге қатысып жүрмін. «Астана Опера»да өтіп жатқан бұл фестиваль ерекше. Бұл опера және балет театры жаңа болғанмен, Еуропа, Азия елдерінде өте танымал. Мен осы театрда өнер көрсетуге шақырылған Моңғолиядан келген алғашқы дирижер болғаныма қуаныштымын. «Астана Опера» сахнасында классикалық музыка концертімен тұңғыш рет өнер көрсетпекшімін. Бүгін бағдарламасы кеңейтілген ауқымды концерт болмақ. Біз Вольфганг Амадей Моцарттың «Фигароның үйленуі» операсына увертюра, төрт бөлімнен тұратын ірі шығарма – №1 симфонияны және Людвиг ван Бетховеннің скрипкаға арналған концертін ұсынамыз. Концертте скрипканың жеке партиясын әлемге әйгілі скрипкашы Бағдат Әбілханов орындайды. Ол өте кәсіби скрипкашы, сондықтан онымен жұмыс істегеніме қуаныштымын.

– Сіз өзіңіздің бағдарламаңыз туралы айттыңыз, ал веналық музыканың сіз үшін мәні неде?

– Мен Азиядан шыққан музыкантпын, дыбыстар әлемінде өмір сүретін музыкантпын. Моңғолия астанасы – Ұлан-Батырда білім алдым. Моңғол мемлекеттік консерваториясында Ресей, Германия және Францияда оқу оқыған керемет педагогтар болды. Сондай-ақ классикалық музыкамен қатар, халық музыкасымен де айналысамын, моринхур атты халық аспабында дәстүрлі моңғол музыкасын орындап жүрмін. Бұл аспапта жылқының қылынан жасалған екі ішек бар, одан өрілген ұлттық әуендер мен дала сазын көпшілік сүйсіне тыңдайды. «Өнерде жоқ шекара» дегендей, бәлкім, мен келешекте осы жерге қайта келіп, «Астана Опера» симфониялық оркестрімен бірге өнер көрсететін шығармын, сол кезде осы моринхур аспабында қазақстандық әріптестеріммен бірге ойнаушы едім, ал дирижерім маэстро Абзал Мұхитдин болса деп армандаймын. Бұл өте үлкен жоба болар еді.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Бір ел – бір кітап-2023» республикалық акциясы аясында қазақ прозасы мен драматургиясында ерекше қолтаңбасы бар көрнекті жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдіктің шығармаларын оқу ұсынылды.

ТӨЛЕН ТУЫНДЫЛАРЫН ОҚИМЫЗ

Аталмыш акция Мәдениет министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапхана мен Кітапханашылар ассоциациясы бастамасымен 2007 жылы басталды. Дәстүрлі шара биыл оқырмандар арасында он жетінші мәрте ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, соның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.

Жазушы, драматург Төлен Әбдік есімі оқырмандарға жақсы таныс. Оған тереңнен толғап, жүректен қозғап жазған шырайлы шығармалары дәлел. Жазушының алғашқы жарияланған әңгімелерінен, соңғы жазған романдарына дейін жұртшылықтың жүрегіне жол тауып, оқырмандардың сүйіп оқитын шығармаларына айналды. Қаламгер Төлен жазған пьесалар бойынша спектакльдер қойылды, сценарийлері бойынша кинолар түсірілді.

Жазушының қаламынан шыққан туындылар бүгінде ойлы оқырманның рухани азығына айналды. Төлен Әбдіктің «Оң қол», «Тозақ оттары жымыңдайды», «Өліара», «Парасат майданы» сияқты шығармалары көпшілікке таныс.

«Біз үшеу едік» атты пьесасы республика театрларында қойылды. Кинодраматургия саласында да атсалысып, «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» повесі бойынша «Өтелмеген парыз», «Белгісіз ұлдың тағдыры» атты көркем фильмдердің сценарийлерін жазды.

СУРЕТШІЛЕР КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Астанада акварельмен картина салатын қазақстандық суретшілердің көрмесі ашылды.

Халықаралық акварель күніне арналған көрме IWS GLOBE ART NETWORK қауымдастығының қолдауымен және «Artbaza» коворкинг-шеберлік орталығының негізін қалаушы суретшілер Елизавета Антропова мен Евгения Грекинаның ұйымдастыруымен өтті.

Көрмеге Қазақстанның түрлі қалаларынан барлығы 20 автордың суреті қойылды. Көрменің ашылу салтанатында астаналық суретшілер Айдана Мыңайдарова мен Елизавета Антропова жаңа картина салудан келушілерге шеберлік сабақ өткізді. Іс-шара «Artbaza» орталығында 28 қаңтарға дейін өтеді.

ҚАЗАҚ ОРКЕСТРІ КҮЙ ТӨГЕДІ

Ертең Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратында Астана қаласы әкімдігінің Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрінің «Қазағымның күйлері-ай» атты концерті өтеді. Кеш үйлестірушісі – «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігінің жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай.

Аталмыш оркестрдің құрылғанына биыл 25 жыл толады. Әр уақытта ұжымды белгілі күйші-композитор, дирижер Мұхаметқали Тіналин, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мырзағали Айдаболов басқарды. 2008 жылдан бастап қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов.

100-ге тарта музыканты бар еліміздегі ең үлкен ұлт аспаптар оркестрінің бірі саналатын ұжым құрамына талантты музыканттар тартылған. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Жексембек Нұржауов, Батыр Темірәлиев, «Құрмет» орденінің иегері Жанар Жүсіпова, Қазақстанның Мәдениет қайраткерлері Базаралы Түсіпжанов, Нұрлан Бекенов (оркестр дирижері), Мәдениет саласының үздігі Шолпан Тұрмағанбетова, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Жанар Қасымова, Ботагөз Тәшімова, Мұхит Шолақаев, Асқар Жүсіпов, Роза Исаева, Айым Бекбаева, Естай Айтқұлов, Әмина Бошымова, Толқын Қантарбаева, Бибігүл Жартыбаева, Сәкен Бекжанов, Бауыржан Жолдыбеков, Аяулым Жұмкенова.

Оркестр репертуары халықтық, кәсіби және академиялық музыканы қамтиды. Концерттік бағдарламалардың маңызды бөлігін домбыра күйлері құрайды.

Қазақ оркестрі өз тыңдаушыларына көптеген танымдық және түрлі бағдарламаларды ұсынды. Шоқан Уәлиханов, Сәкен Сейфуллин, Нұрғиса Тілендиев, Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, Олжас Сүлейменов, Серік Тұрғынбекұлы, Хабидолла Тастанов, Төлеген Момбеков, Мұқан Төлебаев шығармашылықтарына арналған кештер өткізді.

Қазақ оркестрінің «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек пен Сансызбай», «Нағыз қазақ – домбыра», «Абайдың қара сөздері», «Қорқыт», «Баһадүр бабалар», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Серпер», «Ұлы дала ұлағаты», «Алдар көсе» сияқты музыкалық-театрландырылған қойылымдар үлкен табыспен өтті. Оркестр – қаланың және республиканың мәдени-көпшілік шараларының тұрақты қатысушысы.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №9

Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Қ.ҮСЕМХАНҰЛЫ**